

"Қазаэрожоба" республикалық мемлекеттік кәсіпорны туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 17 қарашадағы N 1594

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заң күші бар Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат) Қазақстан Республикасының авиациялық кешенін жетілдіру, әуежайларды, аэродромдар мен аэронавигация объектілерін жобалау және олардың пайдалануға жарамдылығын айқындау жөніндегі қызметті жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазаэрожоба" қазақ мемлекеттік азаматтық авиация жобалау-іздістіру ғылыми-зерттеу институты шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазаэрожоба" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің қызметін жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оның заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақ азаматтық авиация басқармасын қайта құру және "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 тамыздағы N 741 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 33, 388-құжат):

2-тармақтың алтыншы абзацындағы "Қазаэрожоба" қазақ мемлекеттік жобалау-іздістіру және ғылыми зерттеу институты" деген сөздер алынып тасталсын.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі